

Біржолғы талондардың құны туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі N 2-10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда N 5-14-156 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Күршім аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 215 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Күршім аудандық мәслихатының 29.12.2012 N 215 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексын (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңының 36 бабының 6 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Күршім ауданы бойынша 2012 жылға біржолғы талондар құны 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

«Біржолғы талондардың құндарының мөлшерлері туралы» Күршім аудандық мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 29-5, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылы 25 қазанда № 5-14-138 болып тіркелген, аудандық «Рауан» газетінің № 87 санында 2011 жылы 3 қарашада жарияланған) шешімі.

3. Осы шешім ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Г. Қожахметова

мәслихаттың хатшысы

*Күршім аудандық
Қ. Әбілмәжінов*

Аудандық

мәслихатының

2012

жылғы

10

сәуірдегі

№ 2-10 шешіміне № 1 қосымша

